

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмыс және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры



Ж.Е.Ішпекбаев

2018 ж.

«Сырғалым» қыздар клубының ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және психология институтының «Сырғалым» қыздар клубы бойынша атқарылатын әлеуметтік іс-шаралар жұмысы институттағы мамандықтар бойынша (БОПӘ, ПжП, ӘПжӘӨ, Психология, Дефектология, МДББЖТ) білім алғып жатқан студенттерге қолдау көрсету, мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдармен, демеушілермен, балалардың құқықтарын қорғау департаментімен, белгілі қоғам қайраткерлерімен, білім беру кеңістігіндегі мекемелермен тығыз қарым-қатынас орната отырып, өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, ҚР Президентінің халыққа арнаған Жолдауларына және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

«Сырғалым» қыздар клубының мақсаты:

«Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасына сай қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған біліммен ұштастыра біletін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруның тұлғасын қалыптастыру.

Клуб міндеттері:

- Студент қыздардың қазіргі заман талабына сай, саналы, білімді, инабатты болмысының қалыптасуына ықпал жасау;
- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының заманауи жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- Ұлттық дәстүрді - ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде қолдану;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді қалыптастыру;
- Таңдалған кәсіби мамандығына бейімдеу және жұмысқа орналасу мақсатында мекемелермен байланыс орнату;

- Студент қыздардың тұлғалық қасиетіне нұқсан келтірмей, психологиялық дағдарыстан шығару жолдарын анықтау (сенім телефоны, пед-псих. қолдау, жеке әңгіме...)
- Сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, салауатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрену;
- Болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;

Клуб құрылымы:

- Клуб кеңесі
- Жетекші
- Үйлестіруші
- Хатшы
- 1. Клубтың жоғарғы басқару органы – клубтың жалпы жиналышы.
- 2. Клубтың жалпы жиналышы клуб мүшелерінен құралады.
- 3. Әрбір мүше Клубтың жалпы жиналышына қатысуы міндетті.
- 4. Клубтың жоғарғы басқару органдарының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - Клубтың ережесіне толықтырулар мен өзгерістер қабылдау, енгізу.
 - Клубтың жетекшісін сайлау, ұйымдастырушылық құрылымы, өкілеттілігін құру.
- 5. Клубтың жалпы жиналышының құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда клуб қызметіне байланысты барлық мәселелерді клуб жетекшісі шешеді.

Клуб жетекшісі мен мүшелерінің міндеттері:

1. Клуб жетекшісінің міндеттері:

- Клуб мүшелерінің міндеттін анықтау;
- Институт кеңесінде талқылауға сұрақтар енгізу;
- Клубтың болашақтағы және кезекті міндеттерін айқындау;
- Жұмыс істеу жоспарын жасап, оның орындалуын қадағалау;
- Ережені бұзғаны, Клубтың атына кір келтіретін әркеттеріне жол бергені немесе оған зиян келтіргені үшін Клуб мүшесіне ескерту жасау;
- Қойылған міндеттердің уақытында орындалуын қадағалау.

2. Клуб мүшелерінің міндеттері:

- Клубтың мақсаттарының жүзеге асуына белсенді түрде атсалысу;
- Ереже талаптары мен Клубтың барлық деңгейдегі басқару органдары қабылдаған шешімдерді орындау;
- Клубтың жиналыштарына, Клуб ұйымдастырған іс-шараларға қатысып отыру;
- Клуб намысын қорғау және оның лайықты өкілі болу;

- Өзінің іс-әрекеттерімен Клубтың беделін арттыруға үлес қосу.

Клуб қызметін тоқтату

Клубтың қызметі заңды негізде тоқтатылуы мүмкін. Клубты ерікті түрде қайта құру, клуб кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады